

Діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 320 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 137 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 137 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1, 15-1, 15-2-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік қызметтер көрсету стандарты ;

2) «Ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келісу туралы шешім беру» мемлекеттік қызметтер көрсету стандарты бекітілсін.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.09.2013 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

2

сәуірдегі

№

320

қаулысымен

бекітілген

«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік қызметтер көрсету стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік қызметін мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі саясат басқармалары (бұдан әрі – басқармалар) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 4) тармақшасы негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурстарында орналастырылады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап:

діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту не мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту туралы шешім алу үшін – күнтізбелік отыз күн;

2) мемлекеттік қызметтер көрсетуді алу үшін құжаттар пакетін тапсырғысы келетін мемлекеттік қызметті алушының рұқсат берілген ең ұзақ күту уақыты – 30 минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушыға өтініш жасаған күні сол жерде көрсетілетін

қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 30 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Басқармалардың жұмыс кестесі: 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінде және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын, түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Құжаттарды қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет басқармалардың ғимаратында көрсетіледі. Басқармалардың үй-жайларында күту және құжаттарды дайындау залы, күтуге арналған креслолар, толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стенділер болады. Мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсетуді алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
2) жеке тұлғалар үшін – салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін – салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

3) салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, жылжымайтын мүлік объектісіне меншік құқығын куәландыратын құжаттың көшірмесі не салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, меншік иесінің жылжымайтын мүлік объектісінде діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды таратуға келісімі көрсетілетін меншік иесімен жасалған оны жалдау шартының нотариалды расталған көшірмесі.

12. Өтініштердің үлгілері облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының стенділерінде және интернет-ресурстарында орналастырылған.

13. Мемлекеттік қызметтер көрсетуді алу үшін қажетті құжаттар мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген басқармаларға тапсырылады.

14. Басқармалардың құжаттамалық қамтамасыз ету қызметінің тіркеу

мөртабаны (кіріс нөмірі, күні) қойылған мемлекеттік қызметті алушы өтінішінің көшірмесі осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың өткізілгенін
р а с т а у б о л ы п т а б ы л а д ы .

15. Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім мемлекеттік қызметті алушыға (не сенімхат бойынша өкіліне) осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайларға жеке өзі келгенде беріледі не мемлекеттік қызметті алушы көрсеткен мекенжайға поштамен жіберіледі.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз мыналар болып т а б ы л а д ы :

1) осы стандарттың 11-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін құ ж а т т а р д ы ң ұ с ы н ы л у ы ;

2) осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттарда дәйексіз мәліметтердің ұ с ы н ы л у ы ;

3) тиісті аумақта теріс діни ахуалдың анықталуы;

4) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайларға қатысты заңнама талаптарының сақталмауы.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Басқармалар мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну кезінде мынадай қағидаттарды б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы :

адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

з а ң д ы л ы қ т ы с а қ т а у ;

көрсетілетін қызмет туралы толық ақпарат беру;

с ы п а й ы л ы қ ;

құжаттарды сақтауды, ақпаратты қорғау мен оның құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Басқармалардың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Басқармалар қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру, сондай-ақ шағымды дайындауға жәрдем көрсету осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша жүзеге асырылады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген байланыс деректері (мекенжайлар мен телефондар) бойынша басқарма басшысының атына жазбаша нысанда пошта бойынша не қолма-қол беріледі.

22. Мемлекеттік қызметті ұсыну кезінде мемлекеттік қызметті алушыларға дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда басқармалар қызметкерлерінің әрекетіне шағым осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша басқарма басшысының атына жазбаша нысанда пошта бойынша не қолма-қол беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Мемлекеттік қызметті алушының шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, ұйымның атауы (заңды тұлғалар үшін) пошталық мекенжайы көрсетіледі. Шағымға мемлекеттік қызметті алушы қол қояды.

25. Шағымды басқармалардың құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі тіркейді. Шағым беруші тұлғаға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, шағымға жауап алу күні көрсетілген қолхат беріледі. Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты басқармалардың құжаттамалық қамтамасыз ету қызметінің лауазымды адамдары ұсынады.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік қызметтер көрсету стандартына 1-қосымша

Мемлекеттік қызметтер көрсететін басқармалардың тізбесі

P/c №	Атауы	Мекенжайы	Телефон нөмірлері	Жұмыс кестесі
1	2	3	4	5
1.	Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы	Көкшетау қаласы, Сәтбаев көшесі, 16, www.uvp.akmol.kz	8 (7162) 25-72-47	Жұмыс күндері: дүйсенбі – жұма. Жұмыс уақыты: түскі үзіліспен сағ. 09.00-ден 18.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі
2.	Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы	Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, www.aktobe.gov.kz	8 (7132) 56-26-69, 56-25-26	
3.	Алматы облысының ішкі саясат басқармасы	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38, www.zhetysu-gov.kz	8 (7282) 24-29-90, 27-77-22	
4.	Атырау облысының ішкі саясат басқармасы	Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, www.e-atyrau.kz	8 (7122) 354-088, 270-996	
5.	Шығыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы	070019, Өскемен қаласы, Горький көшесі, 40 akimvko.gov.kz	8 (7232) 26-42-54	
6.	Жамбыл облысының ішкі саясат басқармасы	Тараз қаласы, Достық даңғылы 1, www.zhambyl.kz	8 (7262) 43-71-74, 43-71-70	
7.	Батыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы	Орал қаласы, Молдағалиева көшесі, 215, www.westkaz.kz	8 (7112) 50-02-36	
8.	Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы	100012, Қарағанды қаласы, Бейбітшілік гүлзары көшесі, 39, www.karaganda-region.kz	8 (7212) 56-19-80, 42-50-38, 41-08-00, 42-34-40	
9.	Қостанай облысының ішкі саясат басқармасы	110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 66, www.kostanay.gov.kz	8 (7142) 57-54-12	
10.	Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы	Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 76, www.e-kyzylorda.gov.kz	8 (7242) 27-73-62	
11.	Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасы	Ақтау қаласы, 14 шағын ауданы, 1-үй, www.mangystau.kz	8 (7292) 42-13-00	
12.	Павлодар облысының ішкі саясат басқармасы	Павлодар қаласы, Жеңіс даңғылы, 15-үй, www.pavlodar.gov.kz	8 (7182) 32-22-88	
13.	Солтүстік Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58, www.sko.kz	8 (7152) 36-54-99	
14.	Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы	Шымкент қаласы, Бейбітшілік көшесі, 3, www.ontustik.gov.kz	8 (7252) 33-97-93	
15.	Алматы қаласының ішкі саясат басқармасы	Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, 613-каб., www.almaty.kz	8 (727) 271-65-57	
16.	Астана қаласының ішкі саясат басқармасы	Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, www.astana.kz	8 (7172) 71-00-00	

«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың

орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік қызметтер көрсету стандартына 2-қосымша

_____ әкімі
(облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, тегі, аты-жөні)

өтініш беруші

_____ (жеке тұлғалар үшін тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы және телефоны, заңды тұлғалар үшін заңды тұлға басшысының тегі, аты, әкесінің аты, атауы, пошталық мекенжайы және телефоны)

ӨТІНІШ

Сізден _____ мекенжайы бойынша орналасқан діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беруді сұраймын.

Өтініш берушінің (жеке тұлғаның не заңды тұлға басшысының) қолы
күні, мөрі (заңды тұлғалар үшін)

«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік қызметтер көрсету стандартына 3-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің алдағы жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			

1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қолжетімділігі			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізді шағымдардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2

с ә у і р д е г і

№

3 2 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келісу туралы шешім беру» мемлекеттік қызметтер көрсету стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келісу туралы шешім беру» мемлекеттік қызметін мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі саясат басқармалары (бұдан әрі – басқармалар) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011

жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 4) тармақшасы негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурстарында орналастырылады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келісу туралы келісімхат (бұдан әрі – келісімхат) не облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауабы бар хаты болып т а б ы л а д ы .

6. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) к ө р с е т і л е д і .

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап: келісімхатты не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хатты алу үшін – күнтізбелік отыз күн;

2) мемлекеттік қызметтер көрсетуді алу үшін құжаттар пакетін тапсырғысы келетін мемлекеттік қызметті алушының рұқсат берілген ең ұзақ күту уақыты – 30 минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушыға өтініш жасаған күні сол жерде көрсетілетін қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 30 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Басқармалардың жұмыс кестесі: 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінде және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын, түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге д е й і н .

Құжаттарды қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет басқармалардың ғимаратында көрсетіледі. Басқармалардың үй-жайларында күту және құжаттарды дайындау залы, күтуге арналған креслолар, толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стенділер болады. Мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсетуді алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
2) салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;

3) салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, жылжымайтын мүлік объектісіне өтініш берушінің меншік құқығын куәландыратын құжаттың көшірмесі не салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, өтініш берушінің меншік иесімен жасалған жылжымайтын мүлік объектісіне жалдау шартының нотариалды расталған көшірмесі. Бұл ретте, ғимараттарды немесе үй-жайларды діни жораларды өткізу үшін пайдалану олардың мақсатты нысанына сәйкес келуі тиіс;

4) осы ғимарат немесе үй-жай орналасқан сол әкімшілік-аумақтық бірлік шекарасының шегінде әрекет ететін жергілікті қауымдастық жиналысының (жиынының) діни жораларды өткізуді келісуі (маңында тұрғын үйлер болса) туралы шешімінің көшірмесі;

5) заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің осы ғимаратта немесе үй-жайда (маңында заңды тұлғаның не дара кәсіпкердің үй-жайлары болса) діни жораларды өткізуді келісуі туралы хаты.

Осы тармақтың 4), 5) тармақшаларында көзделген құжаттар өтініш бергенге дейін кемінде үш ай бұрын көрсетілген күнмен беріледі.

12. Өтініштердің үлгілері облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының стенділерінде және интернет-ресурстарында орналастырылған.

13. Осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттар мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген басқармаға тапсырылады және тіркеледі.

14. Басқармалардың құжаттамалық қамтамасыз ету қызметінің тіркеу мөртабаны (кіріс нөмірі, күні) қойылған мемлекеттік қызметті алушы өтінішінің көшірмесі осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың өткізілгенін растау болып табылады.

15. Осы стандарттың 5-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесі мемлекеттік қызметті алушыға (не сенімхат бойынша өкіліне) осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайларға жеке өзі келгенде беріледі немесе мемлекеттік қызметті алушыға көрсетілген мекенжайға поштамен жіберіледі.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз мыналар болып табылады:

1) осы стандарттың 11-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін

құжаттардың ұсынылуы;

2) осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттарда дәйексіз мәліметтердің ұсынылуы;

3) тиісті аумақта теріс діни ахуалдың анықталуы;

4) ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайларға қатысты заңнама талаптарының сақталмауы.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Басқармалар мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

заңдылықты сақтау;

көрсетілетін қызмет туралы толық ақпарат беру;

сыпайылық;

құжаттарды сақтауды, ақпаратты қорғау мен оның құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Басқармалардың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Басқармалар қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру, сондай-ақ шағымды дайындауға жәрдем көрсету осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша жүзеге асырылады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген байланыс деректері (мекенжайлар мен телефондар) бойынша басқарма басшысының атына жазбаша нысанда пошта бойынша не қолма-қол беріледі.

22. Мемлекеттік қызметті ұсыну кезінде мемлекеттік қызметті алушыларға дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда басқармалар қызметкерлерінің әрекетіне шағым осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша

басқарма басшысының атына жазбаша нысанда пошта бойынша не қолма-қол беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Мемлекеттік қызметті алушының шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, ұйымның атауы (заңды тұлғалар үшін) пошталық мекенжайы көрсетіледі. Шағымға мемлекеттік қызметті алушы қол қояды.

25. Шағымды басқармалардың құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі тіркейді. Шағым беруші тұлғаға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, шағымға жауап алу күні көрсетілген қолхат беріледі. Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты басқармалардың құжаттамалық қамтамасыз ету қызметінің лауазымды адамдары ұсынады.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

26. Осы ғимарат немесе үй-жай орналасқан сол әкімшілік-аумақтық бірлік шекарасының шегінде әрекет ететін жергілікті қауымдастық жиналысының (жиынының) діни жораларды өткізуді келісуі (маңында тұрғын үйлер болса) туралы шешімінің көшірмесін алу туралы ақпаратты облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының стенділерінен және интернет-ресурстарынан алуға болады.

«Ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келісу туралы шешім беру» мемлекеттік қызметтер көрсету стандартына
1-қосымша

Мемлекеттік қызметтер көрсететін басқармалардың тізбесі

Р/с №	Атауы	Мекенжайы	Телефон нөмірлері	Жұмыс кестесі
1	2	3	4	5
1.	Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы	Көкшетау қаласы, Сәтбаев көшесі, 16, www.uvp.akmol.kz	8 (7162) 25-72-47	
2.	Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы	Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, www.aktobe.gov.kz	8 (7132) 56-26-69, 56-25-26	
3.	Алматы облысының ішкі саясат басқармасы	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38, www.zhetysu-gov.kz	8 (7282) 24-29-90, 27-77-22	

4.	Атырау облысының ішкі саясат басқармасы	Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, www.e-atyrau.kz	8 (7122) 354-088, 270-996	Жұмыс күндері: дүйсенбі – жұма. Жұмыс уақыты: түскі үзіліспен сағ . 09.00-ден 18.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі
5.	Шығыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы	070019, Өскемен қаласы, Горький көшесі, 40, akimvko.gov.kz	8 (7232) 26-42-54	
6.	Жамбыл облысының ішкі саясат басқармасы	Тараз қаласы, Достық даңғылы 1, www.zhambyl.kz	8 (7262) 43-71-74, 43-71-70	
7.	Батыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы	Орал қаласы, Молдағалиева көшесі, 215, www.westkaz.kz	8 (7112) 50-02-36	
8.	Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы	100012, Қарағанды қаласы, Бейбітшілік гүлзары көшесі, 39, www.karaganda-region.kz	8 (7212) 56-19-80, 42-50-38, 41-08-00, 42-34-40	
9.	Қостанай облысының ішкі саясат басқармасы	110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 66, www.kostanay.gov.kz	8 (7142) 57-54-12	
10.	Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы	Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 76, www.e-kyzylorda.gov.kz	8 (7242) 27-73-62	
11.	Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасы	Ақтау қаласы, 14 шағын ауданы, 1-үй, www.mangystau.kz	8 (7292) 42-13-00	
12.	Павлодар облысының ішкі саясат басқармасы	Павлодар қаласы, Жеңіс даңғылы, 15-үй, www.pavlodar.gov.kz	8 (7182) 32-22-88	
13.	Солтүстік Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58, www.sko.kz	8 (7152) 36-54-99	
14.	Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы	Шымкент қаласы, Бейбітшілік көшесі, 3, www.ontustik.gov.kz	8 (7252) 33-97-93	
15.	Алматы қаласының ішкі саясат басқармасы	Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, 613-каб., www.almaty.kz	8 (727) 271-65-57	
16.	Астана қаласының ішкі саясат басқармасы	Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, www.astana.kz	8 (7172) 71-00-00	

«Ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй - жайлардың орналастырылуын келісу туралы шешім беру» мемлекеттік қызметтер көрсету стандартына
2-қосымша

_____ әкімі
(облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, тегі, аты-жөні)

ө т і н і ш б е р у ш і

(діни бірлестік басшысының тегі, аты, әкесінің аты, діни бірлестіктің атауы, пошталық мекенжайы және телефоны)

ӨТІНІШ

Сізден _____ мекенжайы бойынша орналасқан ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келісу туралы шешім беруді сұраймын.

_____ діни бірлестік басшысының қолы

_____ күні, діни бірлестіктің мөрі

«Ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келісу туралы шешім беру» мемлекеттік қызметтер көрсету стандартына 3-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің алдағы жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қолжетімділігі			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			

3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізді шағымдардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК